

**<sup>1\*</sup>Борбасова Қ., <sup>1</sup>Бужеева А., <sup>2</sup>Байбулатов М.**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
<sup>2</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*e-mail: karlygash\_bm@mail.ru

## **ЕЛУІНШІЛЕР ДІНИ БІРЛЕСТІГІНІҢ МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ**

Діни қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың мазмұнын айқындайтын негізгі мәселе біріншіден, қоғамның рухани адамгершілік кескінін айқындайтын дінаралық келісім мен түсіністікті тереңдету. Екіншіден, қазіргі өркениеттік даму адамның белгілі бір мәдениет өкілі ретінде қалыптасуын қамтиды. Ал мәдени және ұлттық бірегейлікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі – дін. Сондықтан қоғамымызда миссионерлік қызметтерін белсенді жүргізіп жатқан, жиырма жылдық тарихы бар жаңа діни ағымдардың идеологиясы мен қызметіне ғылыми-теориялық талдау жасау өзекті мәселелердің бірі. Себебі бұл өз кезегінде діни қатынастарды реттеу мен діни әрекеттердің салдарларын болжаудың әдіс-тәсілдерін, тетіктерін жасақтауға жол ашады. Қазақстанда евангелизация саясатын кең таратушы діни бірлестіктердің ішінде елуіншілер ерекше орын алады. Олардың іліміне, миссионерлік қызметтеріне сараптама жасау арқылы, бұл бірлестіктердің қоғамдық санаға ықпалы анықталып, позитивті дамуына кедергі келтіретін факторлардың алдын алу мәселелері осы мақаланың негізгі мәселелері.

**Түйін сөздер:** діни бірлестіктер, мемлекеттік саясат, елуіншілер, жаңаелуіншілер, харизматикалық ағымдар, миссионерлік.

**<sup>1\*</sup>Borbassova K., <sup>1</sup>Buzheyeva A., <sup>2</sup>Baibulatov M.**

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty  
<sup>2</sup>Egyptian University of Islamic Culture “Nur-Mubarak”, Kazakhstan, Almaty  
\*e-mail: karlygash\_bm@mail.ru

## **Missionary activities of the Pentecostal religious association**

The disclosure of the content of state policy in the sphere of religious relations can be considered from several aspects. First, better understanding of religious harmony in the public spiritual sphere. Secondly, the study of human development as a representative of a particular culture of modern civilization. While one of the main factors in the formation of cultural and national identity is religion. Therefore, scientific and theoretical studies of active missionary activity of religious organizations that have a twenty-year history represent one of the urgent tasks. This will allow to regulate their interaction and predict the actions, religious relations in advance, and eradicate shortcomings. Pentecostals are the most active conductor of evangelism in Kazakhstan. The purpose of this article is to study the influence of appeals of this group on the public consciousness and prevent negative impact factors. The main issues of this article are the problems of preventing unfavorable factors associated with missionary activity.

**Key words:** religious organization, Pentecostal, newcomers, charismatic movement.

**Борбасова Қ., Бужеева А., Байбулатов М.**

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
<sup>2</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: karlygash\_bm@mail.ru

## **Миссионерская деятельность религиозного объединения пятидесятников**

Раскрытие содержания государственной политики в сфере религиозных отношений можно рассмотреть с нескольких аспектов. Во-первых, углубленное понимание религиозного согласия в общественной духовной сфере. Во-вторых, исследование развития человека как представителя определенной культуры современной цивилизации. Одним из основных факторов формирования культурной и национальной идентичности является религия. Поэтому научно-

теоретические исследования активной миссионерской деятельности религиозных организаций, имеющих двадцатилетнюю историю, представляют собой одну из актуальных задач. Это позволит регулировать взаимодействие религиозных отношений и прогнозировать последствия их религиозной деятельности. В Казахстане наиболее активным проводником евангелизации являются пятидесятники. Цель данной статьи – изучить влияние призывов данной группы на общественное сознание и предотвратить факторы негативного воздействия. Основными вопросами этой статьи являются проблемы предотвращения неблагоприятных факторов, связанных с миссионерской деятельностью.

**Ключевые слова:** религиозные объединения, пятидесятники, новчики, харизматическое движение.

**Тақырыптың өзектілігі** қазіргі Қазақстандағы діни өмірдің негізгі тенденциялары туралы хабардан адам үшін белгілі болары сөзсіз. Жаңаелуіншілер діни бірлестіктері тек Қазақстанда ғана бүкіл әлемде тез өсіп, таралып жатқан псевдохристиандық ағымдар. Қазақстанға бұл ағымда ХХ ғ. 90 жылдарда пайда болды. 2011 жылдың басында елімізде 400 елуіншілердің діни топтары мен филиалдары есепте тұрған. 2012 жылғы қайта тіркеуден кейін республикамызда елуіншілердің 189 қауымы тіркеліп тұр [1]. Өздерін елуіншілер діни бірлестіктері ретінде тіркеген жаңаелуіншілер дәстүрлі діндерді ұстанушыларды өздеріне тарту ерекшелігімен зерттеушілерден харизматикалық ағым деген атауға иеленді. Сондықтан да бұл топтардың діни ілімінің қалыптасу тарихы мен миссионерлік қызметінің ерекшеліктерін білу және баға беру тек дінтанушылар мен теологтарға емес, жалпы қоғам үшін, соның ішінде діндар адамдар мен жастарға қажет деп ойлаймыз.

**Зерттелу деңгейі:** Жалпы харизматикалық ағымдар туралы отандық авторлардың біраз жұмыстары жарық көрді: ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне арналған конференция материалдарында отандық авторлар Қазақстан Республикасының территориясында пайда болған жаңа діни ағымдарға байланысты ойларымен ортақтасады [2], профессор Н.Ж. Байтенованың басшылығымен Қазақстандағы жаңа діни бірлестіктер идеологиясын сипаттаған [3], олардың миссионерлік қызметінің зиянды тұстарын көрсеткен С. Хизметлидың еңбектерін атап айтуға болады [4]. Соңғы кезде жарық көрген Е. Бурованың еңбегінде жаңа діндарлық феномені ашылып, жаңа ағымдардың көшбасшылығының қызметтеріне баға беріледі [5]. Бұл авторлардың жұмыстарынан жаңа діни ағымдардың ілімдері еліміздің бірлігімен ынтымақтастығына кері әсер ететіндігін, сонымен қатар дінаралық қатынастарды шиеленістіріп, мемлекеттік бірегейлікке қауіп төндіреді деген түйінді көреміз.

Жаңа діни ағымдарды зерттеуде батыстық ғалымдардың ішінен А. Баркер, Э. Вандерхилл, Д. Макдауэлл, Д. Стюарт, С. Хассен есімдері белгілі. Аталған авторлар зерттеуді екі бағытта жүргізді: жаңа діни қозғалыстарды (яғни, жаңа діндердің институционалдық формасын) және қазіргі діншілдіктегі жаңа тенденциялардың динамиканы зерттеу.

М.Н. Эпштейн, Х. Неста-Вебстер, Дж. Колеман, Г. Хенкок., Р. Бьювэл сияқты авторлардың еңбектерінде (бұл жұмыстарда таза ғылыми сараптамаға қарағанда, авторлардың жеке дүниетанымдық ұстанымдары басым) көптеген жаңа діни ағымдардың діни ілімі мен ғибадаттарының құпиялылығы, оларда жалған және зиянды теориялардың болуы, олардың өз діндерінің қоғамдық және саяси ықпалдарын күшету мақсатындағы жалпы жұрттан жасырын әрекеттері туралы мәліметтер беріледі.

Ресей ғалымдарының да осы бағыттағы біраз зерттеу жұмыстарын атап өтуге болады. А.И. Клибанов, А. Эткин, А. Дворкин секта ұғымын, секталардың деструктивтік мәнін ашатын материалдарды жүйелеп, тоталитарлық ағымдардың ілімдері, тарихы, жұмыс істеу методтары және олардың нақтылы зиянды әрекеттері туралы мәліметтер берсе, Е.Н. Волков, А.М. Панислав, В.Б. Шапарь, В. Питанов, И. Куликов, Н.И. Сенченко, В.Г. Гастинщиков, Ц.П. Короленко, Н.В. Дмитрева жаңа культтердің әлеуметтік және психологиялық зияндығын салыстырып, олардың құрамындағы адамдардың біртіндеп материалдық жағынан да, рухани жағынан да тонауға ұшырайтындығын дәлелдейді.

1995 жылы священник Игорь Ефимовтың жарық көрген кітабында алғашқы рет елуіншілердің діни ілімі мен практикасына шолу жасайды. Автор елуіншілердің діни әдебиеттерне жүйелі сілтеме жасап, олардың кезеңдерін көрсетеді [6]. Алайда жаңаелуіншілердің қазіргі қызметі бұл кітапта сипатталғанға қарағанда көп өзгерді. Орыс тілінде жарық көрген неміс

тілді автор Вольфганг Бюененің еңбегі жаңа елуіншілермен байланысты тарихи деректер мен олардың іліміне қатысты жеткілікті мәлімет береді [7].

Елуіншілерге қатысты шетелдік авторлардың жұмыстарынан доктор Рональд Нокстың 1950 жылы шыққан кітабын атап өту керек. Нокс XVII-XVIII ғасырларда Батыс Европада болған «энтузиазм» қозғалысының тарихын талдау барысында XX ғасыр басындағы елуіншілер осы қозғалыстың идеялық жолын қушылар деген түйін жасайды [8].

Харви Кокс деген автор өз еңбегінде елуіншілерді жиырмасыншы ғасырдың адамының сұранысына жауап беретін ерекше дін формасы ретінде бағалайды. Кокс елуіншілер қозғалысынан пұтқа табынушыларды зерттеушілер сипаттаған адамның діндарлығына тән: сезіну мен күйзелу феноменін көреді [9]. Кейінгі харизматикалық қозғалыс пен оның жеке доктриналарын талдауға арналған Христиандық ғылыми-зерттеу институтының жетекшісі Хэнк Ханеграфтың жұмысында харизматикалық қозғалыс тарихында болған көпке белгісіз фактылар мен мәліметтер тізбегі беріледі [10]. Осы автордың тағы бір белгілі «Христиандық тоқырауда» тақырыбындағы жұмысы «Сенім қозғалысының» негізін салушы Кеннет Хейгинмен пікірталасына арналған.

Белгілі жарияланымдар тізіміне «Сенім қозғалысының» тарихы мен іліміне арналған Дэйл Симмонстың магистерлік диссертациясы жатады. Жұмыста Кеннет Хейгиннің «пайғамбарлық» өміріне идеологиялық және тарихи талдау жасалады [11]. Симмонс Хейгиннің өмірбаянын зерттеу барысында оның діни көзқарасының қалыптасуына белгілі оккультистер Эссек Кеннон мен Джон Макмилланның оккульттік ілімдердің ықпалы болғандығын анықтайды.

Біз елуіншілерге және жалпы харизматикалық топтардың діни ілімі мен практикасын зерттеген біраз еңбектерді атап өттік. Бұл еңбектер біздің мақаламыздың негізгі мазмұнын жазуға және ғылыми тұжырымдар беруде түпнегіз болды.

Елуіншілік және одан пайда болған жаңа елуіншілер қозғалысы қазіргі діни өмірдің белгілі көрінісі екені сөзсіз. «1993 жылғы елуіншілердің өздерінің санауы бойынша әлемдегі сенушілерінің саны 200 миллион адам болған. Оған дәстүрлі конфессиялардағы (католиктер, протестанттар, евангелшілдер) харизматикалық тәжірибені ұстанатындарды қоссақ олардың саны екі есе өседі» [12]. Жоғарыда келтіріген Қазақстан жағдайына қарап та, бұл ағымдардың

кең таралуы олардың миссионерлік қызметтерінің ерекше жолға қойылғандығын көрсетеді.

Елуіншілер өз шіркеулерінің пайда болуын Құдайдың құдіретімен ақиқаттың адам бойында оянуымен түсіндіреді. Алайда, елуіншілердің қозғалысын ғалымдар XVIII ғасырда Америкада болған діни жаңғыру қозғалысымен байланыстырады. Бұл қозғалыс протестанттық әдебиетте ұлы ояну деген атқа ие болды.

XVIII ғасырда Америкада ревивализм ықпалымен көптеген кезбе уағызшылар пайда бола бастайды. Олар үстемдік етуші англикандық және пресвитериандық шіркеулердің священниктерінің билігін мойындамайды. Приходтарды аралап жүріп, олар «дінге деген жаңа эмоционалдық қатынасты» уағыздайды, сөйтіп діндарлардың дәстүрлі шіркеуге деген күдігін туғызып, сенімдерін әлсіретті. Көптеген діндарлар ескі қауымдарынан шығып, жаңа ағымдарға ілеседі.

«XVIII ғасырдың қыркыншы жылдарына қарай кальвинист, мистик Джонатан Эдвардс осындай көңілі толмаған топтардың идеялық көсеміне айналады. Американ зерттеушілері Джонатан Эдвардсты елуіншілердің алғашқы уағызшысы деп санайды. Д. Эдвардстың қауымға қабылданудың бірден бір негізі сенімге кіру болып табылады деген талабы англикандық және пресвитериандық шіркеулердің теократиялық жүйесіне үлкен соққы болды. Д. Эдвардс идеялары елуіншілер идеологиясының қалыптасуына зор ықпал етті. Өзінің 1734 жылы жариялаған уағызында ол «рухани және құдайылық нұрлану деген құбылыс бар, ол жанға құдайдан тікелей беріледі және оның табиғаты мүлдем бөлек» деген тезисін дамыта түсті. Өз әрекетінің соңғы кезеңдерінде Д. Эдвардс «жанның оянуы» мен сенімге келудің психологиялық негіздерін қалыптастыруға көп көңіл бөлді. Теологиялық еңбектерінде ол христиандық өмірдің негізінде сенімге келу актісі жатуы керек деп атап көрсетті» [13].

XIX ғасырдың ортасына қарай ревивалистік қозғалыс көптеген протестанттық шіркеулерді қамтыды. Бұл қозғалыс, әсіресе, баптистік және методистік шіркеулерге зор ықпал етті. Баптистер мен методистер арасындағы іріткі жекеленген қауымдардың бөлініп кетуіне алып келді. Кейіннен бөлініп шыққан осы діндарлар тобы әулиелер қозғалысына бастау берді. Американ зерттеушілері әулиелер қозғалысының екі бағытын ажыратады: біріншісі – перфекционистер (яғни сол әулиелердің өзі), екіншісі – елуіншілер немесе харизматиктер. Өз ке-

зегінде бұл екі бағыт одан әрі жіктеліп кетеді [14].

Елуіншілер ағымның атауы пасхадан кейінгі елуінші күн туралы аңызбен байланысты. Осы аңыз бойынша «Қасиетті Рух» Христос апостолдарының бойына қонады, сөйтіп олар «Інжіл тілінде» сөйлеп кетеді және «хабар таратуға» рұқсат алады.

Елуіншілердің сеніміне сай «қасиетті рух» апостолдардың бойына қонғаны тәрізді ерекше діни белсенділік танытқан кез келген ағым мүшесінің бойына қона алады. «Рухтың» қонғанының белгісі глоссология «басқа тілдерде» сөйлеу. Осылайша адам Құдаймен қарым қатынасқа түсу мүмкіндігіне ие болады.

«Қасиетті рухтың» шексіз қуат күші, елуінші уағызшыларының айтуынша, барлық қиыншылықтарды жеңіп, «құдайылық болмыс» сферасына көтерілуге мүмкіндік береді. «Қасиетті рух» пен оны дарытқандары нағыз діндарды Иисус Христостың куәгерлеріне айналады.

Елуіншілер өз шіркеулерінің пайда болуын Құдайдың құдіретімен ақиқаттың адам бойында оянуымен түсіндіреді.

Елуіншілер қозғалысы пайда болған кезінен-ақ біртекті болған жоқ. Бірқатар авторлар АҚШ-тағы алғашқы елуіншілер шіркеуі «Құдай шіркеуі» болды деп санайды. Ол 1886 жылы Теннесси штатының шығысында және Солтүстік Каролина штатының батысында пайда болды. Теннессиден шыққан уағызшылардың белсенді әрекеті АҚШ-ғы қазіргі заманғы елуіншілер қозғалысына жол ашты.

1901 жылы Канзас штатының Топек қаласында алғашқы елуіншілер пайда болды. Олар бұрынғы методистік пастор Чарльз Фокс Пархэм (1873-1929) жетекшілік ететін Інжілдік мектептің оқушылары болды [15]. «Құдай шіркеуімен» қатар АҚШ-та басқа да елуіншілер ұйымдары бар. Солардың ішіндегі ең ірісі «Құдай ассамблеясы». Бұл ассоциацияны 1914 жылы Е.Н. Белланд бастаған елуіншілер уағызшылары құрды. Бұл ассоциацияның 600 мыңнан аса мүшелері бар. «Құдай ассамблеясын» Американың қаржылық топтары қолдайды. Қаржы негізінен басқа елдердегі миссионерлікті қолдауға және жаңа мүшелер тартуға, шіркеулер салуға жұмсалады.

АҚШ-тағы ірі елуіншілер ұйымы «Біріккен елуіншілік шіркеуі». Бұл шіркеу «Иисус Христостың елуіншілік ассамблеясы» мен «Елуіншілік шіркеудің» 1945 жылы бірігуінің нәтижесінде пайда болды. Елуіншілер ассоциациясының құрамына кіретін «Біріккен елуіншілік шіркеуі-

нің» Бас басқармасы Миссури штатының Сент Луис қаласында орналасқан. Жоғарыда аталған Елуіншілер ассоциациясының құрамына «Біріккен елуіншілік шіркеумен» қатар «Елуіншілердің Америкадағы құдай шіркеуі», «Елуіншілер қасиетті шіркеуі» және «Голгофтік елуіншілік шіркеуі» кіреді. Жоғарыда аталған елуіншілерден басқа АҚШ-та «Құдай қасиетті шіркеуінің апостолдық күресі», «Нағыз Інжілдің халықаралық шіркеуі» атты елуіншілік ұйымдар да бар.

1924 жылы Амстердам қаласында өткен елуіншілік шіркеулердің дүниежүзілік конгресі барысында елуіншілердің «Інжілдік сенімдегі христиандардың дүниежүзілік одағы» деп аталатын халықаралық ұйымы құрылды. Бұл ұйымның негізгі мақсаты осы діни ағымның ілімін әлемдік ауқымда уағыздау мен тарату болып табылады.

Елуіншілердің діни ілімі әртүрлі протестанттық шіркеулердің, атап айтқанда баптистердің, методизмнің, квакерліктің және әулиелер қозғалысының ілімдерінің элементтерінен тұрады.

Елуіншілердің іліміндегі негізгі догмат «Қасиетті Рух» туралы догмат болып табылады. Осының негізінде елуіншілердің идеологиялары «Қасиетті Рухпен шоқындыру», «көріпкелдік», «айығу» сияқты арнайы ритуалдарды қалыптастырды және солар арқылы діндарлардың психикасына ықпал етіп, олардың бойында әртүрлі психикалық толғаныстар туындатты. «Қасиетті Рух» туралы догматты интерпретациялауда елуіншілердің басқа протестанттық шіркеулерден айырмашылығы байқалады. Иоаннан берілген Інжілдің бір жолында «Құдай дегеніміз Рух» деп айтылғанын басшылыққа ала отырып, елуіншілер рухты Құдай әкеден таралған «құдайылық қуат» деп қарастырмайды. Елуіншілер іліміне сай, рух «құдаймен тең тұрады». Сондықтан Қасиетті рухтың мәнін төмендету үлкен күнә болып табылады. «Ол жанды тірілтетін Рух... діндардың жүрегін мекендейді, жүректе әрекет етуін тоқтатпайды, адамды кемелділік пен қасиеттілікке қатысты нығайтып, бекемдеп отырады». Елуіншілердің іліміне сай қасиетті рух әртүрлі көрініс береді. Ол біздің күнәмізді ашады, көңілімізді жұбатады, ақиқатқа бастайды, қуат береді, бізді жақсы да ізгі істер істеуге қабілетті етеді. Өмірдің қуанышы мен тыныштығын діндер содан табады. Ол құпияларды айтады. Дұға оқиды, ән салады... [16].

Дәстүрлі түсініктегі христиан үштігін теріске шығармаса да елуіншілер оның үшінші

бейнесі – қасиетті рухқа басты назар аударады. Осы ерекшелігіне қарап елуіншілер ілімін рухорталықтық, ал оған негізделген культті – харизматикалық деп атайды.

«Елуіншілер үштіктің алғашқы – бейнелері құдай әке мен құдай бала нақты істерде өздерін қасиетті рухпен салыстырғанда ертерек айқындады деп сенеді. Елуіншілік мейрамына дейін қасиетті рухты ешкім білмеді және оның әрекет ету кезеңі басталмады. «Оның әрекет ету кезеңі елуіншіліктен басталды». Бұл күн осы ілімді ұстанатындар үшін қасиеттіліктің жер бетіндегі пенделерге ресми түскен күні болып саналады. «Рухқа кенелген» алғашқы адамдар Исаның шәкірттері – қасиетті апостолдар болды. Енді қасиетті рух жерге түсіп, «Христостың ізбасарларына да қонды», сондықтан қасиетті рухтың ресми түскен күнін елуіншілер аса маңызды мейрам ретінде атап өтеді» [17].

Елуіншілер «қасиетті рухпен шоқынуды» ерекше мән береді. Бұл «рухани өрлеудің ең жоғарғы сатысы» болып табылады. Олар «қасиетті рухпен шоқынуды» алғашқы уағыздаған Иоанн Шоқындырушы деп санайды. Ал «қасиетті рухпен шоқыну» қашан басталды деген сұраққа қасиетті Елуінші күннен, бірақ одан ерте емес деп жауап береді. Інжілге сүйене отырып, елуіншілер Христос елуінші күнге дейін ешкімді Қасиетті рухпен шоқындырмады, тіпті оның шәкірттері де шоқындырылмады. Олар тек тазарды, киелендірілді, Құдай Сөзі арқылы қайта түледі. Олар Қасиетті Рух құйылуға тиіс ыдыс ретінде дайындалды. Ал Қасиетті Рух тек елуінші күні ғана оларға қонды деп түйіндейді.

Елуіншілер ілімінің негізін Көне Өсиеттің канондалған 39, Жаңа Өсиеттің 27 кітабы құрайды. Көне өсиеттің қалған 1 кітабын және басқа кітаптарға қосымшаларды елуіншілер апокрифтік кітаптарға жатқызады [18].

Қасиетті рух арқылы шоқындыру туралы хабарлар Қазақстанға 90-шы жылдары келді. Елуіншілердің Қазақстандағы кең таралған шіркеулерінің қатарына «Жаңа өмір», «Өмір бұлағы», «Сун Бок Ым», «Агапе миссиясы», «Жатва» т.б. жатады [19].

1992 жылы «Жаңа өмір» діни бірлестігі ретінде заңды негізде тіркеліп, өзінің жұмысын бүгінгі күнге дейін жалғастырып келе жатыр.

Оның негізін салушы Максимов Максим Алматы қаласында дүниеге келіп, осында оқыған. 1990 жылы ата-анасы АҚШ-қа көшеді. М. Максимов Қазақстанда қалып, евангелиялық істі жалғастыруға бел буады. 1991-1992 жылдар аралығында Швеция мемлекетіндегі

Упсала қаласында Библиялық мектепті бітіріп, Қазақстанда өзінің «Жаңа өмір» Библиялық колледжін ашады, онда 5000-ға жуық студент оқиды. Библиялық Колледжді тамамдаған студенттер Қазақстанның басқа қаларында жаңа шіркеу ашу ісіне ат салысады.

1992 жылы қыркүйек айында «Жаңа өмір» шіркеуінде Күнделікті Құдайға құлшылық ету қызметі ашылады да оған 110 тыңдармандар қабылданады. 1993 жыл М.Максимов үшін Қазақстан жерінде жаңа шіркеулердің негізін қалау жылына айналды. 1992-1995 жылдар аралығында Қазақстанның ірі қаларындағы бас стадиондарында Иисус Христос туралы Игі Хабарды естіруге бағытталған «евангелдік саяхаттар» өткізілді. 1995 жылы «Жаңа өмір» шіркеуінде сыртқы байланыс бөлімі ашылды, бұл өз кезегінде 2000 жылы – 60 шіркеудің дамуына ықпалын тигізді. 1996 жылдан бастап «Жаңа өмір» журналы шығарыла бастады. 1997 жылы Рихард Зорге 14А көшесінде орналасқан 1000 орындық аудиторияға арналған бұрынғы «Электрон» клубының ғимараты сатып алынып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сол жылы «Иени хаят» ұйғыр қауымы және «Жаңа өмір» қазақ қауымы өз жұмыстарын бастады [20].

2000 жылы 25 желтоқсанда Алматы қаласының кабельдік жүйесінде CNL телеарнасы хабар таратуды бастайды. 2002 жылы күзде Алматы қаласына тағы бір ғимарат сатып алынып, жылы АҚШ-та CNL офисі ашылды. «Hot Bird™» жасанды жер серігі арқылы әлемдегі алғашқы христиандық орыс тілінде хабар таратын CNL телеарнасы жұмыс жасай бастады. Хабар тарату аймағы – 74 ел (аудиториясы – 100 млн. телекөрермендер).

Сонымен қоса иллюстрациялы «Жаңа өмір», «Сен үшін» журнал жүйелі шығарылып отырады.

2007-2010 жж. М. Максимов жолсапарларға шығып, бүкіл әлем бойынша жүздеген жиналыстар өткізеді. 2010 жылы Алматы қаласында үлкен телевизия студиясы ашылады. 2010 жылы пастор Максимнің үлкен мерейтойлары өтті: жасы 40-қа толуына байланысты, Құдайға құлшылық еткеніне 20 жыл толуы, «Жаңа өмір» шіркеуінің 20 жылдығы, Ларисамен бас қосқандарының 20 жылдығы, CNL телеарнасының хабар таратқанына 10 жыл толуы.

«Жаңа өмірдің» әлеуметтік қызметінің шеңбері кеңейе түсуде. Олардың тізімі (www.newlife.kz) сайтында берілген: балалар қызметі (қуыршақ театры және т.б.), жастар лагері, жеткіншек және жастар қызметі (концерттер, бірі-

гіп табиғатқа шығу, т.б.), «Алтын кезеңдер: 55+» ересек жастағылар мен зейнеткерлерге арналған қызмет.

Мүгедектерге арналған қызмет жеке топ құрады. Есту мүмкіндігі жоқтарға арналған Инжілдік курстар көптеген мүгедектердің бұл ұйымға келуіне себепкер болған.

### Қорытынды

Елуіншілер ілімі мен тарихымен танысу арқылы бұл ағым харизматикалық қозғалыстың нәтижесі екенін атап өтуге болады. Көтегн ғалымдар елуіншілер ілімінің негізінде жатқан «қасиетті рухпен шоқындыру» түсінігі ақылмен түсіндіру және сыни баға беру мүмкін емес деген тұжырым жасайды.

Құдайдың жердегі бейнесі ретінде Христос ізбасарларының жүрегінде ұяланған қасиетті рух туралы ілімнің діндарлар үшін тәрбиелік маңызы да өте зор. Елуіншілердің кальвинистер мен баптистерден ерекшелігі олар адамның тағдыры алдын ала анықталып қойған деп санамайды. Жазмыш адамның өзіне байланысты. Адам өзінің жеке сенімі арқылы құтқарылады. Адамның құтқарылуы құдайға деген шынайы берілгендігімен байланысты болғандықтан елуіншілердің уағызшылары

өз ізбасарларынан үштіктің үшінші бейнесіне деген ерекше ықылас пен берілгендікті талап етеді. Діндар елуінші үшін қасиетті рух құтқарылудың кілті және оны құдайылық патшалыққа апаратын бірден бір жолы болып табылады [21].

Елуіншілер қасиетті рухтың барлық адам баласына емес, тек таңдаулыларға ғана қонатындығын айтады. Жүрегіне қасиетті рух ұялаған христиандар басқаларына қарағанда артықшылықтарға ие. Тек солар ғана «құдайдың сүйген құлдары» болып табылады.

Елуіншілердің ілімінде о дүниеге деген сенім ерекше маңызды болып саналады. Көк әлемге өтуді елуіншілер өз өмірінің негізгі мәні деп түсінеді. «Инжілдік христиан сенімінің толық Инжіліне» сәйкес елуіншілер өзінің тәні мен жанын Құдайға тапсырған елуінші үнемі күнәсі үшін жалбарынып, сол арқылы «рухани қайта түлеуге» қол жеткізуі керек. «Рухани қайта түлеу» «басқа тілде» сөйлеу ретінде көрініс береді. Осылайша «құдайылық шапағатқа» жеткен соң діндар Христос сияқты «пәктікке» жетеді және о дүниеде жұмаққа лайықпын деп ойлайды. Сондықтан көптеген елуіншілер «әулиелікке» жетем деп өзін құрбан етеді, әлеуметтік игіліктерден бас тартады.

### Әдебиеттер

- 1 Мемлекет және дін. №4. (23) Астана 2012. 13 бет
- 2 Мынбаев М. Идеология деструктивных сект и религиозного терроризма в Казахстане; Дабжанова Ж.Б. Теоретико-методологические основы исследования понятия «религия» и деятельность религиозных, псевдорелигиозных организаций и сект в контексте обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан; Борбасова К.М Жаңа діни ағымдардағы сананың улануы туралы мәселелер. // «Өркениеттер сұқбатын» дамытуда Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық келісімнің әлемдік орталығы ретінде. Халықаралық ғылыми практикалық конференциялардың материалдары. 31 мамыр 2007 жыл. Алматы. 2007.
- 3 Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. Алматы: Өрекет Принт, 2009.
- 4 Хизметли С. Орта Азия түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік: Алматы- ЖШС «Эврос», 2006.
- 5 Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения): монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 64-65 б.
- 6 Священник Игорь Ефимов. Современное харизматическое движение сектантства: исторический очерк, критический разбор вероучения, положение в настоящее время. – М., 1995. – 319 с.
- 7 Бюне В. Игра с огнем / Пер. с нем. Bielefeld: Christliche Literatur-Verbreitung, 1992. – 320 с.
- 8 Knox R. A. Enthusiasm: A Chapter in the History of Religion with Special Reference to the XVII and XVIII Centuries. – Oxford: Clarendon Press, 1950. – 622 p.
- 9 Cox H. Fire from Heaven: The Rise of Pentecostal Spirituality and the Reshaping of Religion in the Twenty-First Century. Reading, Massachusetts: Addison-Wesley Publishing Company, 1995. XVIII, 346 p.
- 10 Hanegraaf H. Counterfeit Revival. Nashville: Word Publishing, 2001. XXVIII, 376 p.
- 11 Simmons D. H. A Theological and Historical Analysis of Kenneth E. Hagin's Claim to Be a Prophet. Master's thesis. Oral Roberts University, 1985. 109 p.
- 12 Synan V. The Origins of the Pentecostal Movement // Web-page of Holy Spirit Research Center, Oral Roberts University: <http://www.oru.edu/university/library/holyspirit/pentorg1.html>
- 13 Монтгомери Дж. Рассвет. 7 миллионов церквей в 2000 году. – М., 1993. – 58 б.
- 14 Вандерхилл Э. Мистики XX века: Энциклопедия. – М., 1997.
- 15 Зудов Ю.В. Пятидесятничество в XX веке: возникновение и эволюция.

- 16 Москаленко А.Т. Пятидесятники. – М., 1973. – 82 б.
- 17 Орлов В. История движения неопятидесятничества. <http://www.zavet.ru/b/orlov/> Православный информационно-просветительский проект
- 18 Зайнуров А.А., Волков В.В. Неопятидесятничество: альтернативное христианство для «Новой Эры». :
- 19 Религиозные объединения в Казахстане: Информационный справочник – Астана: НИИЦ АДР РК, 2013. – 111с.
- 20 Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар. Алматы 2010.
- 21 Неопятидесятничество: протестантизм или оккультное сектантское движение? Труды научно-практической конференции 15–16 октября 2013 г. – М.: ООО «Издательство ПЕНАТЫ», 2014. – 180 с.

#### References

- 1 Memleket zhane din. №4. (23) Astana 2012. 13 bet
- 2 Mynbaev M. Ideologiya destruktivnyh sekt i religioznogo terrorizma v Kazahstane; Dabzhanova ZH.B. Teoretiko-metodologicheskie osnovy issledovaniya ponyatiya «religiya» i deyatel'nost' religioznyh, psevdoreligioznyh organizacii i sekt v kontekste obespecheniya nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan; Borbasova K.M ZHаңа діни ағымдардағы саналуң ulanuy туралы мәсеелер. // «Өркеніеттер сұқбатын» damytuda Қазақстан мәдениетаралық zhәне конфессияаралық kelisimнің әлемдік орталығы retinde. Halykaralyқ ғылыми praktikalyқ konferenciyalardyң materialdary. 31 мамыр 2007 zhyl. Almaty. 2007.
- 3 Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен кул'тер. Алматы: Өрекет Print, 2009.
- 4 Hizmetli S., Orta Aziya тырик respublikalaryndaғы ziyandy ағымдар zhәне миссионерлік: Almaty- ZHSHS «EHvros», 2006.
- 5 Burova E.E. Trendy novoj religioznosti v sovremennom Kazahstane (opyt sociogumanitarnogo izmereniya). Monografiya. Almaty. Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2014. 64-65 b.
- 6 Svyashchennik Igor' Efimov. Sovremennoe harizmaticheskoe dvizhenie sektantstva: istoricheskij ocherk, kriticheskij razbor veroucheniya, polozhenie v nastoyashchee vremya. M., 1995. 319 s.
- 7 Byune V. Igra s ognem / Per. s nem. Bielefeld: Christliche Literatur-Verbreitung, 1992. 320 c.
- 8 Knox R. A. Enthusiasm: A Chapter in the History of Religion with Special Reference to the XVII and XVIII Centuries. Oxford: Clarendon Press, 1950. 622 p.
- 9 Cox H. Fire from Heaven: The Rise of Pentecostal Spirituality and the Reshaping of Religion in the Twenty-First Century. Reading, Massachusetts: Addison-Wesley Publishing Company, 1995. XVIII, 346 p
- 10 Hanegraaf H. Counterfeit Revival. Nashville: Word Publishing, 2001. XXVIII, 376 p.
- 11 Simmons D. H. A Theological and Historical Analysis of Kenneth E. Hagin's Claim to Be a Prophet. Master's thesis. Oral Roberts University, 1985. 109 p.
- 12 Synan V. The Origins of the Pentecostal Movement // Web-page of Holy Spirit Research Center, Oral Roberts University: <http://www.oru.edu/university/library/holyspirit/pentorg1.html>
- 13 Montgomeri Dzh. Rassvet. 7 millionov cerkvej v 2000 godu. M. 1993. 58 b.
- 14 Vanderhill EH. Mistiki HKH veka: EHnciklopediya. M., 1997.
- 15 Zudov YU.V. Pyatidesyatnichestvo v HKH veke: vozniknovenie i ehvolyciya.
- 16 Moskalenko A.T. Pyatidesyatniki. M. 1973, 82 b
- 17 Orlov V. Istoriya dvizheniya neopyatidesyatnichestva. <http://www.zavet.ru/b/orlov/> Pravoslavnyj informacionno -prosvetitel'skij projekt
- 18 Zajnurov A.A., Volkov V.V. Neopyatidesyatnichestvo: al'ternativnoe hristianstvo dlya «Novoj EHry». sajt: <http://www.iriney.ru/sects/50/news177.htm>
- 19 Religioznye ob'edineniya v Kazahstane: Informacionnyj spravochnik – Astana: NIAC ADR RK, 2013. – 111s.
- 20 Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар. Алматы 2010.
- 21 Неопятидесятничество: протестантизм или оккул'тное сектантское движение? Труды научно-практической конференции 15–16 октыабры 2013 г. М.: ООО «Издательство ПЕНАТЫ», 2014. 180 с.